Бөлменің терезелер арқылы түсетін табиғи жарықтануы, және тәуліктің қараңғы уақытында жұмыс істеу мүмкіндігін беретін жасанды жарықтануы бар. Жасанды жарықталу люминесцентті шамдар арқылы жүзеге асырылады.

Қызмет көрсетушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бөлме қызметкерлеріне әсер ететін барлық мүмкін факторларды талдау қажет.

Бөлмеде құрылғылардың мынадай түрлері қолданылады. Дербес компьютерлер саны – 4. Зиян электрмагнитті сәулелердің әсері оларды операторлардан алысырақ орналастырудан және дербес электрондық есептеуіш машина (ДЭЕМ) мониторуна қорғаныс экранын орнатудан төмендейді. Газдылықтың, шаңдылықтың және қондырғының изоляциясынан туындайтын зиян булардың әсері табиғи желденуді қамтамасыз ететін құрылғыларды дұрыс орналастыру есебінен жойылады.

Көрермен залы мен дыбыстық қамтамасыз етудің аппараттық бөлмесі арасындағы әуе шуының изоляция индексі 50 дБ – ден кем болмауы керек. Дыбысты қамтамасыз етудің аппараттық бөлмесінің қабырғалары мен төбесі 500 – 2000 Гц жиіліктер диапазонында дыбысты жұту коэффициенті 0,6 – дан кем болмайтын дыбысты жұтқыш материалдармен қапталуы керек. Дыбысты қамтамасыз ету жүйесінің барлық техникалық аппараттық бөлмелерінің едендері шаң тудырмайтын болмауы және күнделікті ылғалды жинастыру жұмыстарын өткізуге мүмкіндік беретін (метлах тақтасы, линолеум) болуы керек.

Дербес электрондық есептеуіш машина қолданушысының жұмыс орнын ұйымдастыруда келесі негізгі талаптар сақталуы қажет:


- жұмыс орнының құрамына кіретін құрылғылардың оптималды орналасуы;
- барлық қажет қозғалыстар мен орын ауыстыруларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеткілікті жұмыс аймағы;
- қызметтерді іске асыру үшін табиғи және жасанды жарықтандыру қажет;
- акустикалық шудың деңгейі рұқсат етілген мәнінен аспауы керек.

Бөлмеде келесі құрал-жабдық қолданылады. Дербес компьютер – 5 дана

Құрылғының техникалық сипаттамалары:

- Acer core i7 3210/4Gb/500Gb/Combo/DOS дербес компьютері;
- SAMSUNG LS19A100N монитору;
- мөлшерлер 1200x750x1150 мм (дербес компьютер+үстел);
- электрлік қоректену көзі: айнымалы кернеу 220 – 250 В, 50 Гц жиілігі, қуаты 400 Вт.

Сплит-жүйе плазма Panasonic CS/CU – E 18 NKDW– кондиционер, қуаты 5 кВт.



Сурет 4.1 – Мекеме бөлмесі, 1 – кондиционер, 2 – орындық, 3 – үстел және дербес компьютер, 4 – есік, 5 – терезе, 6 – өрт сөндіргіш

Операторлар бөлмесінің микроклиматтық шамалары: жыл мезгілінің суық кездерінде ауа қозғалысының жылдамдығы және салыстырмалы ылғалдылығы 0,1 м/с, 60%, ауа температурасы 18 – 26°C шамасында болады.

Ал жыл мезгілінің жылы кездерінде ауа қозғалысының жылдамдығы және салыстырмалы ылғалдылығы 0,2 м/с, 60 – 70%, келтірілген шамалар адам организміне ыңғайлы нормаларға сай келмейді. Сондықтан операторлар бөлмесінде ауаны кондиционерлеу мәселесі қарастырылған.

4.2 Бөлменің электр торабы

Адамның электр тогынан зақымдану ықтималдығына әсер ететін біздің бөлмеміздің класын анықтайық:

- едендер бір қабатты поливинилхлоридті антистатикалық линолеуммен қапталған, сондықтан ол ток өткізбейтін болып табылады;
- ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60% – дан аспайды, сондықтан бөлме құрғақ;
- ауа температурасы Цельсий бойынша плюс 30 градустан аспайды;
- адамның бір уақытта бір жақтан жермен байланысы бар технологиялық жабдықтардың корпустарымен және басқа жерлендірілген бөліктермен, екінші жақтан электр жабдықтарының металл корпустарымен немесе ток өткізуші бөліктермен жанасу мүмкіндіктерінің болмауы (кернеу 1000 В мәнінен аспағандықтан сымдардың өте жақсы изоляциясында);
- химиялық белсенді заттар жоқ осы бөлмені маңызды қауіпсіз бөлме ретінде классификациялауға болады.

Біздің жағдайымызда электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бойынша жерлендіру мүмкіндігін қарастыру қажет. Біздің жағдайымыздағы кернеу – 220 В, сондықтан жерлендіру мен нөлдеу міндеттелмейді, бірақ ұсынылады

4.3 Бөлменің өрт қауіпсіздігі

Құрылыс конструкцияларын дайындау үшін кірпіш, темір бетон, әйнек, металл және басқа жанбайтын материалдар қолданылады. Сонымен қатар жанбайтын материалдардан жасалған қоршаулар түріндегі өртке қарсы өткелдерді ескеру қажет, олар біздің офистің бөлмелері арасында орнатылады. Ғимараттарда өрт крандары дәлістерде, баспалдақ торларында және кіре беріс аумақтарында орнатылады. Дербес электрондық есептеуіш машинаны қолданушылар бөлмелерінде, архивте және қосымша, қызметтік бөлмелердегі өртті өшіру үшін су қолданылады. Дербес электрондық есептеуіш машина бар бөлмелерде, ақпаратты тасушыларды сақтау бөлмелерінде, қымбат құрылғыларды бұзу немесе толықтай істен шығару қаупінен бақылау–өлшеуіш жабдықтары бар бөлмелерде суды қолдану тек кейбір жағдайларда ғана рұқсат етіледі, мысалы өрт қауіпті ірі көлмеде болғанда. Бірақ судың мөлшері минималды болуы және дербес электрондық есептеуіш машинаны, дыбыстық құрылғыларды брезентпен немесе матамен жауып судан қорғау керек.

Барлық бөлмелерді стационарлы автоматты өрт өшіргіш қондырғылармен жабдықтау қажет. Ауа құрамындағы оттегіні тез азайтатын от өшіргіш газбен бөлмені бірден толтыруға негізделген өртті газбен өшіру қондырғыларын қолданған тиімдірек болып табылады.

4.4 Бөлмедегі және сырттағы зиянды элементтер

Зиян химиялық заттардың деңгейін нормалау. Бөлмені ластану көздері сыртқы ортаның және ғимараттың құрылыс материалдарынан, жиһаздардан, киімнен, аяқ-киімнен бөлінетін жүздеген әрекеттесулердің зиян заттары және адамның биоактивті әрекеттесулері (антропогендер) болып табылады.

Бөлменің сыртқы ортаның зиян заттарымен ластануын қарастыра отырып, ең алдымен ғимараттың орналасқан орнын ескеру қажет, біздің жағдайымызда ол автострадаға жақын орналасқан. Бөлмеге сыртқы ортадан келетін жиі ластағыштар көміртек оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, қорғасын, шаң және тағы басқалары болып табылады.

Құрылыс конструкциялары бөлменің радон және торонмен ластануын көзі болып келеді, сонымен қатар ең көбірек концентрация нашар желдетуі бар бетоннан жасалған үйлерде кездеседі.

Жиһаз, киім және аяқ – киімдер минералды талшықты, көмір сутегісі, полиэфир кара майы және тағыбасқа зиянды заттары бар шаңды бөледі. Биоктивті әрекеттесулердің ең маңыздысы көміртек диоксиді, күкірт сутегісі және тағы басқалары болып табылады.

4.5 Бөлмедегі дыбыстар , яғни шу

Дербес электрондық есептеуіш машина қолданушысының, оператордың, жұмыс орнындағы шу көздері – сөйлесіп тұрған адамдар, сыртқы ортаның – компьютердің, принтердің, желдеткіш қондырғының шуы болып табылады. Олар болмашы мәнде шуды тудырады, сондықтан бөлмеде дыбысты жұтқыштарды қолдану жеткілікті.

Ең жақсы дыбысты жұту қасиеті талшықты – ауа көлемді материалдарда: фибролитті плиталарда, жарықталшықтарында, минералды мақтада, полиуретанды поропластта, ауа көлемді поливинилхлоридте және басқаларында болады. Дыбыс жұтқыш материалдарға дыбыс жұту коэффициенті 0,2 мәнінен төмен емес материалдар жатады.

4.6 Бөлменің жарықтандыру көздері

Дербес электрондық есептеуіш машинамен жұмыс істеуге арналған бөлменің тиімді жарықтандырылуы табиғи және жасанды жарықтың болуы есебінен жасалады.

Жеткіліксіз жарықтандыру көздің, адамның тез шаршауына, жақыннан көргіштікке, жұмыс сапасының төмендеуіне, ақаудың көбеюіне соқтырады. Тым жарық көз қабықшасын тітіркендіреді, шағылыстырады, көз тез шаршайды, өндірістік травматизм көбейеді.

Қаралып жатқан бөлмеде жұмыс істеуге қажетті жарықтандыру қалып бойынша $E_n=300$ лк, осылайша бөлмедегі қажетті жарықтандыруды қамтамасыз етеміз.

4.7 Бөлменің ауа жүйесі

Жұмыс бөлмесінде белсенді кондиционерлеу және вентиляция жүйесі жоқ. Операторлар залын талдау барысында жұмыс аумағының қалыпты микроклиматтық шарттарын міндетті түрде қарастыру қажет. Мұндай әмбебап жүйе ретінде автономдық кондиционерлер болып табылады.

Жұмыс істеу аймағының ауасы, жалпы санитарлы-гигиеналық талаптар сәйкес, компьютерлермен жабдықталған бөлмедегі адамдардың жұмысы жеңіл физикалық жұмысқа жатады. Ағзаның энергия жұмсау жұмыстарының категориялары келтірілген (Кесте 4.2).

К е с т е 4.2 – Адам ағзасының энергия жұмсау жұмыстарының категориялары

Жұмыс	Категория	Ағзаның энергия жұмсауы, Ккал/сағат,	Жұмыс сипаттамасы
-------	-----------	--------------------------------------	-------------------

		Дж/с	
Жеңіл	I a	<138	Жұмыс отырып жүргізіледі

4.8 Кондиционерлеу және ауаны жаңарту жүйелерін есептеу

Ауаны технологиялық кондиционерлеудің талаптары өнеркәсіптің әр түрлі салаларындағы технологиялық процестерді жүргізуде, сондай-ақ компьютерлік жабдықтың, басқа құралдар мен аспаптардың және т.б. жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін ауа ортасының белгілі бір параметрлерін (ауаның температурасын, ылғалдылығын және қозғалысын) өндіріске сай қолдауға негізделеді. Өзінің тағайыны бойынша кондиционер жүйесі қолайлы және технологиялық болып бөлінеді. Қолайлы жүйелер үйлесімді санитарлық-гигиеналық талаптарға жауап беретін ауаның температурасын, ылғалдылығын, тазалығы мен қозғалыс жылдамдығын жасау және автоматты қолдау үшін тағайындалады. Кондиционердің технологиялық жүйелері белгілі бір өндірістік және технологиялық процесс талаптарына басым дәрежеде жауап болатын ауа параметрлерін қамтамасыз ету үшін тағайындалады.

Аумағы 15 – тен 140 м² дейінгі тұрғын және қоғамдық бөлмелерде сплит-жүйе кондиционерлері кең таралуда. Олар сыртқы блоктан (компрессорлы-конденсаторлы) және ішкі блоктан (буландырғыш) тұрады. Сыртқы блок ғимарат қабырғасына, шатырға немесе шатыр астына, қосалқы бөлмеге, балконға, яғни ыстық конденсатор төменірек температурасы бар атмосфера ауасымен салқындатылатын жерге орнатылуы тиіс. Ішкі блок тікелей кондиционерленетін бөлмеге орнатылады және ауаны салқындату немесе жылыту, сүзу және бөлмедегі ауаның қажетті қозғалысын жасау үшін тағайындалады. Ішкі блоктар берілген температураны ұстайды және бөлмедегі ауаның тең бөлінуін қамтамасыз етеді және шусыз жұмыс істейді (шу деңгейі 35-38 дБ.). Кондиционерленген ғимараттың жылулық және ылғал теңгерімін белгілі әдістермен орындалады. Мұнда ғимараттың ауа ортасының қалпы өзгеруіне әкеп соғатын, барлық факторлар есепке алынуы керек.

Кондиционерді таңдау үшін алдымен артық жылудың қосындысын, сонымен қатар оған күннің радиациясынан бөлінетін жылу кіреді, өндірістік жарықтануды, жұмыс істейтін адамдар санын, оргтехникаларды және т.б. есептеу қажет. Салқын өндіргіштік бойынша қосындысы сондай немесе шамалы үлкен мәнді, сонымен қатар қажетті ауа алмасу қамтамасыз ететін кондиционер моделі танданылады.

4.9 Температура айырымы нәтижесінде алынатын жылу және жылу жоғалту

Әйнек арқылы күннің радиациясынан түсетін жылу. Күннен бөлінетін жылу әйнектің түріне байланысты 90% – ға дейін бөлме ортасымен жұтылады, қалған

бөлігі шағылысады. Ең үлкен жылу жүктемесі тура және шашырай түсетін күн сәулесінің ең үлкен деңгейінде алынады. Сәуле түсу қарқыны жергілікті кеңдікке, жыл мезгіліне және тәулік уақытына байланысты.

Салқын мезгіл үшін есептік сыртқы температура ($t_{\text{сырт.есеп}}$) ең салқын айдың 13 сағатындағы орташа температурасына, жылы период үшін – ең ыстық айдың 13 сағатындағы орташа температурасына сәйкес келеді. Ал ішкі ($t_{\text{іш.есеп}}$) жайлылық шартын және өндірістік процесстерде көрсетілетін технологиялық талаптарын ескере отырып таңдалады формулада берілген.

$$Q_{\text{қоршау}} = V_{\text{бөлме}} X_0 (t_{\text{шыққан}} - t_{\text{келген}}), \text{ Вт.} \quad (4.1)$$

мұнда $V_{\text{бөлме}}$ – бөлменің көлемі, м^3 . $V_{\text{бөлме}} = 7 \times 6 \times 3 = 126 \text{ м}^3$;

X_0 – меншікті жылулық сипаттама, $\text{Вт}/\text{м}^3 \text{ } ^\circ\text{C}$, формулада берілген;

$X_0 = 0,42 \text{ Вт}/\text{м}^3 \text{ } ^\circ\text{C}$;

$t_{\text{сырт.есеп}} = 27,6^\circ$ – жылдың жылы мезгіліне арналған сыртқы есептік температурасы;

$t_{\text{сырт.есеп}} = -25^\circ$ – жылдың суық мезгіліне арналған сыртқы есептік температурасы;

$t_{\text{іш.есеп}} = 24^\circ$ – жылдың жылы мезгіліне арналған ішкі есептік температурасы;

$t_{\text{іш.есеп}} = 20^\circ$ – жылдың суық мезгіліне арналған ішкі есептік температурасы.

Жылы мезгіл үшін (4.1).

$$Q_{\text{қоршау}} = 126 \times (27,6 - 24) \times 0,42 = 190,512 \text{ Вт.}$$

Салқын мезгіл үшін (4.1).

$$Q_{\text{қоршау}} = 126 \times 0,42 \times (-25 - 20) = -2381,4 \text{ Вт.}$$

Шынылау арқылы күннің сәулеленуінен келетін жылу. Күннің сәулеленуінен (радиация) келетін жылу терезе арқылы сәуле бөлмеге кіріп, күннен шынылау сәулелену периоды үшін формулада берілген.

$$Q_p = (q_{\text{тура}} + q_{\text{шашыр.}}) K_1^c K_2 \beta_{\text{ж.ө.}} n H_0 B_0, \text{ Вт.} \quad (4.3)$$

Күннің сәулелері терезеден кірмейтін көлеңке периоды үшін (шашыраңқы радиация) формулада берілген.

$$Q_p = q_{\text{шашыр.}} K_1^T K_2 \beta_{\text{ж.ө.}} n H_0 B_0, \text{ Вт.} \quad (4.4)$$

мұнда $q_{\text{тура}}$; $q_{\text{шашыр.}}$ – тура және шашыраңқы радиациядан келетін жылулық ағындар, $\text{Вт}/\text{м}^2$;

$F_0 = n H_0 B_0$ – жарықтық ойықтың ауданы, м^2 (n – терезелердің саны, биіктігі H_0 және ені B_0);

K_1 – қапсырмамен шынылаудың көлеңкелену коэффициенті (K_1^c – сәулеленген ойықтар үшін; K_1^T – көлеңкедегі ойықтар үшін);

K_2 – шынылаудың ластану коэффициенті;

$\beta_{ж.ө.}$ – жылу өткізу коэффициенті.

Алматы қаласындағы ҚуанушIT мекеме бөлмесіндегі шынылаудың ауданы, 44^0 СШ $F_0 = 2 \times 2,5 \times 2 = 10 \text{ м}^2$. Шынылаудың бағыты оңтүстік-шығыс (ОШ). Ішінде жарық перделері бар. $\beta_{ж.ө.} = 0,4$ деп қабылдаймыз. Түске дейін ОШ үшін, яғни сағат 9 – дан 12 – ге дейін 44^0 СШ ендікте тура радиацияның мәні (П) $q_{тура} = 387 \text{ Вт/м}^2$ және шашыраңқы радиацияның мәні (Р) $q_{шашыр.} = 101 \text{ Вт/м}^2$ тең. $44 - 68^0$ СШ ендік диапазонында металды қапсырмалы екі қабатты шынылау үшін $K_1 = K_1^C = 0,72$ егер ойық күнмен сәулеленген болса, яғни 9 – 10 және 13 – 14 сағат аралығындағы период үшін. $K_1 = K_1^T = 1,15$, 14–15 және 19 – 20 сағат аралығындағы период үшін. Әйнектің бірқалыпты ластануы коэффициенті $K_2 = 0,9$ қабылданады.

Тура сәулелену периодында 9 бен 14 сағат аралығында есептелу мына формула арқылы жүреді.

$$Q_p = (387 + 101) \times 0,72 \times 0,9 \times 10 \times 0,4 = 1265 \text{ Вт.}$$

ал көлеңкелену периодында 14 пен 20 сағат аралығында мына формуламен есептелінеді (4.4).

$$Q_p = 22 \times 1,15 \times 0,9 \times 10 \times 0,4 = 91 \text{ Вт.}$$

Максималды есептелу уақыты 9 – 10 сағат, жылу түсу 1265 Вт.

4.10 Адамдардан келетін жылу.

Адамдардан түсетін жылу қоршаған ауа параметрлеріне және орындалатын жұмыс қарқынына байланысты. Адам бөлетін жылу ауаға конвекция арқылы сезілетін және өкпеден, теріден бөлінетін байқалмайтын жылудан тұрады (Кесте 4.3). Адамдардың жылу таратуы төмендегі кестелермен сипатталады (Кесте 4.4).

К е с т е 4.3 – Адамның сыртқы ортаға жылу таратуы, Вт

Сыртқы орта температурасы $^{\circ}\text{C}$	Отырғандағы жағдай			Тұрғанда немесе жеңіл қозғалыс			Ауыр жұмыс		
	Анық	Жасырын	Жалпы	Анық	Жасырын	Жалпы	Анық	Жасырын	Жалпы
24	67	35	102	72	60	132	95	154	249
20	82	21	103	92	42	133	140	110	250

К е с т е 4.4 – Адам бөлетін ылғал және көміртегі саны

Параметрлер	Бөлме ауасының температурасындағы мәндер °С				
	15	20	25	30	35
Ылғал г/сағат	40	40	50	75	115

Бөлмеде 4 әйел адам-операторлар отырады. $t = 24$ °С температурада отырған күйде бір ер адам 67 Вт анық жылу, ал жалпы – 102 Вт жылу бөледі. Әйел адам ересек ер адамның жылу бөлу нормасының 85 %-ын, ал кішкентай бала – 75 %-ын бөледі деп саналады. Бөлмедегі адамдардың бөлетін анық жылуы $Q_a^a = 67 \times 4 \times 0,85 = 227,8$ Вт. Ал жалпы жылу $Q_a^ж = 102 \times 4 \times 0,85 = 346,8$ Вт.

$t = 20$ °С температурада бір ер кісі 82 Вт анық жылу және 103 Вт жалпы жылу бөледі. Бөлмедегі адамдардың бөлетін анық жылуы $Q_a^a = 82 \times 4 \times 0,85 = 278,8$ Вт. Ал жалпы жылуы $Q_a^ж = 103 \times 4 \times 0,85 = 350,2$ Вт.

$t = 24$ °С үшін ылғалдылық және көміртегі қышқылының мәндерін кестеден интерполяция жолымен табамыз бір адамнан 50 г/сағат ылғалдылық, 45 г/сағат көміртегі қышқылы бөлінеді. Ал 4 адамның ылғалдылығы $4 \times 50 = 200$ г/сағат, көміртегі қышқылы мөлшері $4 \times 45 = 180$ г/сағат құрайды.

$t = 20$ °С үшін 1 адамнан бөлінетін ылғалдылық – 40 г/сағат, көміртегі қышқылы – 45 г/сағат. 4 адамнан бөлінетін ылғалдылық $4 \times 40 = 160$ г/сағат. 4 адамнан бөлінетін көміртегі қышқылы мөлшері $4 \times 45 = 180$ г/сағат. Бөлмедегі адамдардан бөлінетін зиянды заттардың есептелуінің нәтижелері көрсетілген (Кесте 4.5).

К е с т е 4.5 – Бөлмедегі адамдардан бөлінетін зиянды заттардың есептелуінің нәтижелері

Жыл мезгілі	Температура °С	Жылу, Вт		Ылғалдылық, W г/сағат	CO ₂ г/сағат
		Q_a^a	$Q_a^ж$		
Жылы	24	227,8	346,8	200	180
Салқын	20	278,8	350,2	160	180

Жарықтану аспаптарынан, оргтехникадан және құрылғылардан келетін жылу Шамдардан келетін жылу мына формуламен есептеледі.

$$Q_{\text{жарықтану}} = \eta N_{\text{жарықтану}}, \text{ Вт.} \quad (4.5)$$

мұнда η - электр энергиясының жылулыққа ауысу коэффициенті;
люминесцентті шамдарды қолдану кезінде $\eta = 0,5 - 0,6$;
 $N_{\text{жарықтану}}$ – шамдардың орнатылған қуаты 65 Вт/м^2 ;
мекеменің еденінің ауданы $F_{\text{еден}} = 7 \times 6 = 42 \text{ м}^2$.

$$Q_{\text{жарықтану}} = 0,6 \times 65 \times 42 = 1638 \text{ Вт.}$$

Оргтехниканың әсерінен пайда болатын жылу ағыны бір компьютерге орташа есеппен 300 Вт алады. Мекемеде 4 дербес компьютер болғандықтан.

$$Q_{\text{құрал}} = 4 \times 300 = 1200 \text{ Вт.}$$

Орындалған есептеулерден формуласы бойынша мекеме бөлмесіне келетін жылу балансын құрамыз. Жылдың жылы мезгілінде: температура айырымы нәтижесінде келетін жылу $Q_{\text{қоршау}} = 191 \text{ Вт}$; күн радиациясынан $Q_p = 1265 \text{ Вт}$; адамдардан $Q_a^a = 279 \text{ Вт}$; жарықтану аспаптарынан $Q_{\text{жарықтану}} = 1638 \text{ Вт}$; оргтехника мен құрылғылардан $Q_{\text{құрал}} = 1200 \text{ Вт}$. Мекеменің жылулық балансы жазда формулада берілген.

$$Q_{\text{жылу.б}} = Q_{\text{қоршау}} + Q_p + Q_a^a + Q_{\text{жарықтану}} + Q_{\text{құрал}}, \text{ Вт.} \quad (4.6)$$

$$Q_{\text{жылу.б}} = 1265 + 279 + 191 + 1638 + 1200 = 4573 \text{ Вт} = 4,573 \text{ кВт.}$$

$$Q_{\text{жылу.б}} = 4573 \times 3600 = 16462,8 \text{ кДж/сағат құрайды.}$$

Жылдың салқын мезгілінде температура айырымы нәтижесінде жоғалатын жылу $Q_{\text{қоршау}} = -2381 \text{ Вт}$, күн радиациясынан келетін жылу $Q_p = 1265 \text{ Вт}$, адамдардан $Q_a^a = 279 \text{ Вт}$, жарықтану аспаптарынан $Q_{\text{жарықтану}} = 1638 \text{ Вт}$, оргтехника және құрылғылардан $Q_{\text{құрал}} = 1200 \text{ Вт}$. Мекеменің жылулық балансы қыста формулада берілген:

$$Q_{\text{жылу.б}} = Q_{\text{қоршау}} + Q_p + Q_a^a + Q_{\text{жарықтану}} + Q_{\text{құрал}}, \text{ Вт.} \quad (4.7)$$

4.11 Ауа алмасуды есептеу

$Q_{\text{жылу.б}}$ жазда $> Q_{\text{жылу.б}}$ қыста болғандықтан, $Q_{\text{жылу.б}}$ жазда мәнімен ауаның жылу кернеулігін мына формуламен $Q_n > 20 \text{ ккал/м}^3$ болғанда $\Delta t = 8^\circ \text{C}$. мұнда $C = 0,24 \text{ ккал/кг}^\circ \text{C}$ – ауаның жылу сыйымдылығы, $\gamma = 1,206 \text{ кг/м}^3$ – ағынды ауаның сыбағалы массасы.

Барлық артық жылулар $16462,8 \text{ кДж/сағат}$ немесе $16462,8 : 3600 = 4,573 \text{ кВт}$ құрайды. Бөлмеге қажетті ауа мөлшері $L = 1698 \text{ м}^3/\text{сағ} = 28,3 \text{ м}^3/\text{мин}$. Өз таңдауымызды Panasonic CS/CU-E 18 сплит-жүйесі кондиционеріне тоқтатамыз.

Кондиционердің техникалық сипаттамалары:

- салқын 5,30 кВт; жылу 5,90 кВт;
- қорек кернеуі 220В,50 Гц;
- салқынның жұмсайтын қуаты, кВт 1,45;
- жылудың жұмсайтын қуаты, кВт 1,52
- салқын/жылу жұмыс тогы, А 2,4 /3,2;
- EER, А 4,36;
- COP, А 4,41;
- жылдық ток пайдалануы 945 кВт*сағат;
- шудың деңгейі, ішкі (жоғ/орт/төм), дБ(А) 45/36/33;
- шудың деңгейі, сыртқы, дБ(А) 48;
- габаритті өлшемдері, Ш/В/Г, Ішкі, мм 300*1080*250;
- габаритті өлшемдері, Ш/В/Г, сыртқы, мм 690*870*325;
- салмағы, кг 13.

4.12 Табиғи жарықты есептеу

Табиғи жарық толығымен жұмыс істеу уақытысын да жарықты қанағаттандырмайды, тағыда ауа райдын өзгеруін, кешкі уақыттағы жұмысты ескеру қажет. Соған байланысты жасанды жарықты бөлмеде қолданамыз, ол люминесцентты шамдардан тұрады. Жарық көзінің нормативы төмендегі көрсетілген (Кесте 4.6).

К е с т е 4.6 –Ортақ жарықтандыру жүйесіндегі ұсынылған жарық көздері

Түсті ажыратудағы талаптарға сәйкес көру жұмысының сипаттамасы	Жарықтандыр, лк	Күн көзінің түсу температурасының түс диапазоны $T_c, ^\circ K$	Қолданылатын шамдар түрі
Түсті ажырату	300, 400	3500 – 5500	ЛД, ЛДЦ, ЛБ,

Кесте 4.6 жалғасы

талаптары көп емес объектілердің түстеріндегі ерекшелігі	150, 200	3000 – 4500	ЛБ,(ЛХБ), НЛВД+МТЛ, ДРЛ
--	----------	-------------	----------------------------

Операторлардың жұмыс орындарының бөлмесін жасанды жарықтандыру үшін люминесцентті шамдарды қолданамыз, олардың жарық бергіштігі жоғары (75 им/Вт-қа дейін және одан жоғары), жарамдылық мерзімінің ұзақ (10 000 сағатқа дейін), шағылысу бетінің жарықтығы аз және жақсы жарық беруді қамтамасыз ететін сәулелендіргіш жарықтың табиғиға жақын спектральді құрамы.

Қолдануға ең ыңғайлы шамдар люминесцентті ЛБ (ақ түсті) және ЛТБ (жылы ақ түсті) қуаты 20,40 немесе 80 Вт шамдар.

Операторлық залды жарықтандыру үшін екі ЛТБ-40 люминесцентті шамдары бар УСП-35 типті шамшырақтар қарастырылған.

Бөлменің өлшемдері: ұзындығы $L = 7$ м, ені $B = 6$ м, биіктігі $H = 3$ м. Жұмыс бетінің еден деңгейінен биіктігі h_{pp} , $h_{pp} = 0,725$ м, терезелер $h_{но}, h_{но} = 0,8$ м биіктігінен басталады, терезелердің биіктігі h_o , $h_o = 1,5$ м. Жұмыс орының бөлмесі IV сағат белдеуі Алматы қаласы (жарықтану белдеуінің климаты – IV 50^0 солтүстік ұзындығы және оңтүстік (Алматы, Карағанды)).

Терезенің толық ауданы S_0 , m^2 , осы формуламен анықтаймыз.

$$100 \cdot \frac{S_0}{S_n} = \frac{e_n \cdot \eta_0}{\tau_0 \cdot r_1} \cdot k_{зд} \cdot k_3 \quad (4.8)$$

$$S_0 = \frac{S_n \cdot e_n \cdot \eta_0}{100 \cdot \tau_0 \cdot r_1} \cdot k_{зд} \cdot k_3 \quad (4.9)$$

мұнда S_n – бөлменің ауданы m^2 ; $S_n = 42 m^2$;

e_n – Ортақ жарықтандыру жарық көздері 4.3- кестесінен тандаймы;

көру жұмыстың биік дәлме-дәлділігі үшін $e_n = 1,2$ қабылдаймыз;

m_N – климаттың жарықтанукоэффициент, 4.3 – кестесінен тандаймыз.

Жарықтану белдеуін ескере отырып, анықтауымыз:

$$e_n^{IV} = e_n \cdot m \cdot c \quad (4.10)$$

$m = 0,7$; $c = 0,75$ (қабырғаның сыртқы жағы);

$e_n = 1,2$ жұстағы үлкен дәлдіктер III разрядтағы көрініс жұмысы;

$e_n^{IV} = 1,2 \cdot 0,7 \cdot 0,75 = 0,63$;

Бөлменің типын ескере, осыдан табамыз коэффициенті $k_3 = 1,2$ (жұмыс істеу орнын қарастырылады);

τ_0 - жарық өткізудің толық коэффициенті тең $\tau_0 = \tau_1 \cdot \tau_2 \cdot \tau_3 \cdot \tau_4$;

$\tau_1 = 0,5$ (бос орынды шынылы блок);

$\tau_2 = 0,6$ (екі қабатты ағаштан жасалған тоқыма);

$\tau_3 = 0,8$ (темірбетонды аркалар);

$\tau_4 = 1$ (жиналатын жалюзилер және шторлар);

$\tau_0 = 0,5 \cdot 0,6 \cdot 0,8 \cdot 1 = 0,24$;

η_0 -терезенің жарықтану мнездемесі;

$\eta_0 = 10$ кесте алынған.

Бөлмедегі орташа шағылу коэффициент $\rho_{CP} = 0,5$ тек бір жағындағы жарықты қарастырамыз.

$$\frac{l_{pr}}{B} = \frac{0,5}{6} = 0,08 \quad (4.11)$$

Онда $r_1 = 1,05$ $k_{зд}$ – іске асыру кезіндегі жарық көздерінің шаңдануы мен жарамсыз болуын ескеретін қор коэффициенті $k_{зд} = 1$.

Терезелердің толық ауданын есептейміз.

$$S_0 = \frac{42 \cdot 1,35 \cdot 10 \cdot 1 \cdot 0,63}{100 \cdot 0,24 \cdot 1,05} = 14,175 \text{ м}^2 \quad (4.12)$$

Жарық өтуінің ауданы тең $S_{сп} = 14,175 \text{ м}^2$.

Осыған орай жарық өту ауданы ($1,5 \cdot 1,2 \cdot 2 = 3,6 < 14,175$) жұмыс орындағы қажетті еңбек жағдайларын қамтамасыз етпейді. Осы мақсатта еңбектің ең қолайлы с параметрі $7 \times 6 \times 3$ қамтасамыз ететін, $e_N = 0,84$ көру жұмысының III мінездемесі, сонда жұмыс орнында табиғи жарықты және жасанды жарықты қолданады.

5 Техника-экономикалық негізделуі

5.1 Жоба сипаттамасы

Бұл дипломдық жобада Кафедраның автоматтандырылған жүйесін жобалау және құру яғни , сабақтарын бөлу үшін дерекқор негізінде жасалған клиенттік программалық жоба.

Бұл бағдарлама университет, колледж, академия т.б. мұғалімдерінің сабақтарын тиімді бөлу үшін жасалған. Оқу орындарында негізінен оқытушылар мен топтар, пәндер, бөлінетін жүктемелер туралы ақпаратты жүйелеумен байланысты болады. Сондықтан, кафедра мұғалімінің жүктемесін бөлу жұмысы өте ыңғайлы, әрі жылдам бөлу үшін, барлық деректерді жүйелі түрде сақтау және қажетті деректі тез алу, сонымен қатар жаңа деректерді ыңғайлы түрде енгізу мүмкіндіктері қарастырылған.

Бағдарламаны құру үшін алдымен зерттелетін облысының талдауы жасалды.

Келесі кезеңде оқытушылар мен пәндер, топтар туралы қажетті деректерді сақтайтын логикалық байланысқан кестелер құрылып, олардың негізінде жүйенің инфологиялық моделі алынады. Инфологиялық модель MS SQL Server–жүйесінде жасалады. Кафедрасының дерекқоры MS SQL Server дерекқорларды басқару жүйесінде құрылғаннан кейін, пайдаланушылардың барлық сұраныстарын қанағаттандыратын клиенттік қосымша жобаланады.

Тұтас сегмент мен позициялау. Тұтас сегмент – бұл қазіргі техникалық прогрестің мүмкіндігін толық пайдаланып жұмыс істеуді қажет ететін электроэнергетикалық компаниялар жүйесі. Қызметті SWOT – талдау төменде көрсетілген (Кесте 5.1).

К е с т е 5.1 – Қызметті SWOT–талдау

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
Бағдарлама мүмкіншіліктерінің көптігі; Қолжетімділігі; Қызмет бірақ рет орнатылады қосымша жаңартуларды жыл сайын қажет етпейді;	Электроэнергетика саласындағы адамдар үшін пайдалануға арналған. Басқа қызмет иелері үшін тиімсіз болып табылады.
Мүмкіндіктері	Қаупі
Қосымша табыс көзіне қол жеткізу.	Ғаламторда арқылы жұмыс істегендіктен хакерлер, вирустар бағдарламаның істен шығуына әсер етуі мүмкін.

5.2 Маркетинг–микс қызметтері

Маркетинг – микс – Маркетингтік құралдардың жиынтығы, бұл арқылы компания тауарлар немесе қызметтер сұранысына ықпал етуге тырысады.

Маркетинг – микс – бұл белгілі бір тауарға анықталған баға бойынша белгілі бір орында қозғалыс арқылы сұранысты қалыптастыратын жиындардың (стратегия) жүйесі.

Айта кету керек, стратегия тек компанияның белгілі бір мақсатта нарықтың кез келген сегментінде қозғалуына арналған ұмтылысы және стратегия жалпы, бөлінбейтін сипатқа ие. Жағдайды басқару мен оны назардан тыс шығармау үшін тек нақты орындалу уақыты анықталған жиындарды іске асыру керек, осы жиындарға жауапты адамдарды, қажетті ресурстарды (қаржылық, адами және т.б.) басқару қажет. іске асыру қажет. Міне сондықтан таңдалған стратегия үшін маркетинг – микс деп аталатын арнайы жиындар іске асырылады. Осы маркетингтің тактикалық деңгейі болып табылады.

Ереже бойынша, стандартты маркетинг – микс жиындарды төрт құраушы тактикалық іс бойынша сипаттайды, маркетинг жиынтығы (marketing–mix) – бұл фирма біртұтас нарықтың оң жауабын алу үшін қолданатын басқаруға мүмкіндік беретін маркетингтік факторлардың жиыны. Маркетинг-микстің міндеті - біртұтас нарықта потенциалды тұтынушылардың қажеттерін өтеумен ғана шектелмейтін, сонымен қоса ұйымның әсерін жоғарлатуға тырысатын жиынтықтарды (mix) құрастыру.

Продукт (Product) – бұл фирманың тұтас нарыққа ұсынатын «бұйымдар мен тауарлар» жиынтығы.

Баға (Price) – тұтынушылардың тауарды алу үшін төлеуі қажет ақша суммасы. Дистрибуция (Place) – тауар барлық бірыңғай тұтынушыларға қолжетімді болу үшін жүзеге асырылатын мүмкіндігі көп іс.

Қозғалу, даму (Promotion) – фирманың өзінің тауарлары туралы ақпарат таратуы мен тұтынушыларды осы тауарларды сатып алуға үгіттейтін мүмкіндігі зор іс-шаралар (Кесте 5.2).

К е с т е 5.2 – Бағдарламаны сату

Маркетинг–микс элементтері	Қажетті істер мен талдаулар
Product	
Электрэнергетика жүйесіне арналған web–қосымша қызметі	Жалпы тапсырманы шешу келесі бөлімдерден тұрады: 1) Администраторларға қолайлы интерфейс жүйесін ұйымдастыру. 2) Мекеме дәрежесіндегі қолданушыларға бағдарламаны бейімдеу.
Price	
Базалық бағасы	Мекенің қажеттілік ерекшеліктерін ескере отырып ақысы аланады.
Promotion	
	Бағдарлама компаниясында қолданылады және осы салада жұмыс істейтін компанияларға ұсынылады.
Place	
Мекеме 1, Мекеме 2, Мекеме 3, Мекеме 4	Алматы қаласындағы осы мекеме қызметімен айналысатын мекеме администраторларын хабарландыру, келіссөз жүргізу. Программа толығымен орнатылмағанша қызметімізді жалғастыру.

К

е с
т е
5.2
жа
лға
сы

5.3 Бағдарламалық қамтаманың өңделуінің еңбек өнімділігінің есептелуі

Еңбекке кеткен шығынның базалық көрсеткіштері мына формула бойынша есептеледі.

$$Q=q*c \quad (5.1)$$

Мұндағы q – бағдарламалық өнімдегі (бастапқы команда) операторлар саны, менің жұмысымда операторлар саны 3300–ге тең, атап өткен q коэффициентінің мәнін 1 – кестеден (А қосымшасынан) таңдап алуға болады. c –бағдарлама күрделілігінің коэффициенті 2 – кестеден (А қосымшасынан), ол менде 1,26 – ге тең, себебі менің жобамның бағдарламалық тілі жоғарғы тілге жатады және күрделілік тобы үшінші топ, ал жаналық дәрежесі бойынша В тобын, яғни типтік шешім қолданған бағдарламаларды дайындау тобына жатқандықтан осы мәндердің қиылысуынан арнайы кестеден алынды. Осы әдіспен базалық көрсеткішті табамыз.

$$Q = 3300 * 1,26 = 4158$$

Ары қарай бағдарламалық өнімді әзірлеуге кететін уақытты есептеу керек. Уақыт адам-сағатпен есептеледі, ал T_D нақты істелген уақытпен алынады, ал қалған кезеңнің уақыты Q командасының шартты санына байланысты есептік жолмен анықталады.

Бағдарламалық өнімін дайындауға кеткен әр кезеңнің уақытын анықтаймыз.

$T_{ПО}$ (мақсат сипатын дайындау уақыты), нақтылы деректер бойынша алынады және келесі мәнге тең деп алынады (3–тен 5 күнге дейін, 8 сағаттан).

$$T_{ПО} = 24 \text{ адам / сағат.}$$

T_O (мақсат сипаттамасы уақыты) келесі формуламен.

$$T_O = Q \times B / (50 \times K) \quad (5.2)$$

$$T_O = 4158 * 1,2 / (50 * 0,8) = 124,74 \text{ адам/сағат}$$

мұндағы B – мақсат есебі өзгерісінің коэффициенті (А қосымшасынан), B коэффициенті мақсат күрделілігіне және өзгеріс санына тәуелді – 1,2-ден 1,5 – ке дейін K – бағдарлама жасаушы біліктілігін ескеретін коэффициент (А қосымшасынан), менің берілген салада жұмыс істеу өтілім 2 жылға дейінгі уақытты құрағандықтан, K коэффициенті мәні – 0,8–ге тең болады.

T_A (алгоритм құруға кеткен уақыт) мына формуламен.

$$T_A = Q / (50 \times K). \quad (5.3)$$

$$T_A = 4158/50*0,8=103,95 \text{ адам/сағат}$$

T_{BC} (блок – сұлба құруға кеткен уақыт) T_A сияқты 3 формуламен есептеледі.
 T_H (бағдарламаның тілінде жазуға кеткен уақыт) келесі формуламен анықталады 5.4 формулада берілген.

$$T_H = Q \times 1,5 / (50 \times K). \quad (5.4)$$

$$T_H = 4158*1,5/(50*0,8)=155,925 \text{ адам / сағат.}$$

T_{II} (бағдарлама теру уақыты) келесі формуламен анықталады.

$$T_{II} = Q / 50 \quad (5.5)$$

$$T_{II} = 4158/50=83,16 \text{ адам / сағат}$$

T_{OT} (бағдарламаны реттеу және тестілеу уақыты) келесі формуламен анықталады.

$$T_{OT} = Q \times 4,2/50 \times K \quad (5.6)$$

$$T_{OT} = 4158*4.2/50*0,8=436,59 \text{ адам/сағат.}$$

T_D (құжаттарды рәсімдеу уақыты), нақтылы деректер бойынша алынады және құрылады (3 – тен 5 күнге дейін, күніне 8 сағат).

$$T_D = 24 \text{ адам / сағат} \quad (5.7)$$

Еңбек шығындарының сомасы еңбек шығынының құрама сомасы ретінде 7 формуламен есептеледі.

$$T = T_{II} + T_{TO} + T_A + T_{BC} + T_H + T_{II} + T_{OT} + T_D. \quad (5.8)$$

$$T = 24+124,74 +103,95 +103,95 +155,925 +83,16 +436,59 +24=928,4 \text{ адам / сағат}$$

5.4 Бағдарламалық қамтаманы өңдеуге кеткен шығынның есептелуі

Еңбек құны екі құрамнан құралады: негізгі еңбек құны және қосымша еңбек құны.

Негізгі еңбек құнын анықтау берілген.

$$Z_{\text{осн}} = t_{\Sigma} * TC / (t_{\text{cp}} * 8), \text{ теңге} \quad (5.9)$$

мұндағы t_{Σ} – формуласы бойынша есептелетін жалпы еңбек шығыны;
 t_{cp} – айдағы орташа күн саны, 21 күнге тең, жұмыс күніндегі 8 сағатқа көбейтіледі.

Тарифтік мөлшерлеме минималды өлшемдегі еңбек ақы 01.01.2014 ж. бастап ҚР–да 19966 теңгені құрады . ТС – тарифтік қойылым = $19966/8 = 2495,5$ ке тең болды. t_{Σ} – формуласы бойынша 928,4 – ге тең.

Осылайша негізгі еңбек ақы.

$$Z_{осн} = 928,4 * 19966 / (21 * 8) = 110331,76 \text{ теңге}$$

Қосымша еңбек ақы негізгі еңбек ақының 20%-ын құрайды формуласы бойынша анықталады.

$$Z_{доп} = 0,2 * 110331,76 = 22066,35 \text{ теңге}$$

Жалпы еңбек ақысы (еңбекті төлеу фонды) негізгі және қосымша еңбек ақының қосындысы ретінде анықталады.

$$\text{ФОТ} = Z_{доп} + Z_{осн} \quad (5.10)$$

$$\text{ФОТ} = 22066,35 + 110331,76 = 132398,11 \text{ тг.}$$

5.5 Қосымша шығындар статьясы

Бағдарламалық қамтамасыз етудегі қосымша шығындар: материалдар мен құрамаға кеткен шығындар (құрылғының өз құны, яғни компьютерлер есепке алынбайды), социалды сақтандыруға аударым, жүкқұжатқа кеткен шығындар, амортизациялық аударым, техникалық қондырғылар қызметіне кеткен шығын, компьютермен жұмыс істеу кезінде кеткен электроэнергиялық шығындар).

Қондырғының құны бағдарламалық қамтама өңделуінің өзіндік құнына кірмегенімен, қосымша шығындар статьясындағы есептеулерде қолданылады. ЭЕМ – на бағдарлама жазу кезінде құрылғы ретінде дербес компьютер қолданылады. Құны $C_{обор} = 194900$ теңге (дербес компьютердің қазіргі уақыттағы нарықтағы теңгемен берілген құны алынды).

Материалдар мен көмекші бөлшектер шығыны, бағдарламалық өнімді жазу барысында қолданылды ($C_{МжК}$), сонымен қатар техникалық қызмет көрсету шығыны ($C_{ТО}$), жабдықтың құнынан 1,5% және 2,5% (бұл мәндер бітіру жұмысының экономика бөлімін орындауға әдістемелік нұсқаулардан алынды Алматы: АЭЖБУ, 2014 – 27 б., 10 – шы бет) құрайды және мына формулалар мен есептеледі формулада берілген.

$$C_{МжК} = 0,015 * C_{обор} \quad (5.11)$$

$$C_{\text{Мжк}} = 0,015 * 194900 = 2923,5 \text{ теңге}$$

$$C_{\text{ТО}} = 0,025 \times C_{\text{обор}} \quad (5.12)$$

$$C_{\text{ТО}} = 0,025 * 194900 = 4872,5 \text{ теңге}$$

Амортизациялық аударым өнімнің физикалық және моральдық жарамсыздығына байланысты сол өнімді толық қалпына келтіру үшін жиналатын ақша қоры болып есептеледі. Амортизациялық аударым амортизация нормасы бойынша орнатылады, формуласы бойынша есептеледі.

$$A = \frac{C_{\text{обор}} \times H_A \times N}{100 \times 12 \times t} \quad (5.13)$$

мұндағы $C_{\text{обор}}$ – компьютер құны, H_A – амортизация нормасы, N – жұмыс орындалуына кеткен күннің саны.

t – дербес компьютерді қолдануға кеткен жалпы уақыт.

$$N = T/24 \quad (5.14)$$

$$928,4 / 24 = 38,68 \text{ күн}$$

бұл жерде T еңбек шығынына тең, оның мәні – 928,4 адам/сағат тең болған.

Дербес компьютерде жалпы жұмыс істеу уақыты мына формуламен есептеледі.

$$T = T_A + T_{\text{БС}} + T_H + T_{\text{П}} + T_{\text{ОТ}} \quad (5.15)$$

$$T = 103,95 + 103,95 + 155,925 + 83,16 + 436,59 = 883,575 \text{ адам/сағат}$$

Амортизация нормасы формуласы бойынша анықталады.

$$H_A = \frac{C_{\text{обор}} - C_{\text{ликв}}}{T_{\text{норм}} \cdot C_{\text{обор}}} \cdot 100\%, \quad (5.16)$$

мұндағы $C_{\text{ликв}}$ – таратылым құны, жабдықтың құнынан 5% құрайды.

$$C_{\text{ликв}} = 0,05 * C_{\text{обор}} \quad (5.17)$$

$$C_{\text{ликв}} = 0,05 * 194900 = 9745 \text{ теңге}$$

$T_{\text{норм}}$ – нормативті қызмет ету өтілі (дербескомпьютер үшін ҚР да $T_{\text{норм}} = 4$ жыл) осыдан.

$$H_A = \frac{C_{\text{обор}} - C_{\text{ликв}}}{T_{\text{норм}} \cdot C_{\text{обор}}} \cdot 100\% \quad (5.18)$$

$$H_A = \frac{194900 - 9745}{4 \cdot 194900} \cdot 100\% = 23,75\%$$

$$A = \frac{C_{\text{обор}} \times H_A \times N}{100 \times 12 \times t} \quad (5.19)$$

$$A = 194900 \cdot 23,75 \cdot 23,64 / 100 \cdot 12 \cdot 883,575 = 103,2 \text{ теңге}$$

Бағдарламалық қамтаманы жазу кезіндегі электроэнергияның шығынын қоса есептеу керек. Электроэнергияның құны мына формула бойынша есептеледі.

$$C_{\text{ЭЭ}} = M \cdot k_3 \cdot F_{\text{эф}} \cdot C_{\text{кВт-ч}} \quad (5.20)$$

Мұндағы M – ЭВМ қуаты (450 Вт.), k_3 – жүктеу коэффициенті (0,8), $C_{\text{кВт-ч}}$ – 1 кВт–сағат электроэнергияның құны, оның мәні ҚР – да 14,65 теңгеге тең.

$F_{\text{эф}}$ – жұмыс уақытының эффективті фонды, мына формула бойынша есептеледі.

$$F_{\text{эф}} = D_{\text{ном}} \cdot d \cdot (1 - f / 100) \quad (5.21)$$

$$F_{\text{эф}} = 258 \cdot 8 \cdot (1 - 2,6 / 100) = 2010$$

Мұндағы $D_{\text{ном}} = 258$ – бір жылдағы жұмыс күнінің номиналды саны, $d = 8$ – жұмыс күнінің ұзақтығы, $f = 2.6\%$ – ЭВМ – ды жөндеуге кеткен жоспарланған уақыт. Берілген коэффициенттер мен параметрлер бойынша электроэнергияның құны.

$$C_{\text{ЭЭ}} = 0,45 \cdot 0,8 \cdot 2010 \cdot 14,65 = 10601 \text{ теңге}$$

Дегенмен, алынған амортизациялық аударым мен электроэнергияға шығын – жылдық шығынның мәні, оны жалпы жылдық эксплуатациондық шығынмен анықталатын уақыт коэффициентімен коррекциялау (дұрыстау) керек.

$$\text{Э}_3 = t_{\Sigma} \cdot C_{\text{Э}} / F_{\text{эф}}, \text{ теңге} \quad (5.22)$$

мұндағы $C_{\text{Э}} = C_{\text{ЭЭ}} + C_{\text{ТО}} + A_{\text{жыл}}$ – ЭЕМ-ның жалпы жылдық эксплуатациондық шығын құны.

$$C_3 = C_{33} + C_{TO} + A_{жыл} \quad (5.23)$$

$$C_3 = 10601 + 4872,5 + 103,2 = 15576,7 \text{ теңге}$$

мұндағы $F_{эф}$ – жұмыс уақытының эффективті фонды, формуласы бойынша анықталды, – t_{Σ} – ЭВМ-нің формуласы бойынша анықталған есепті шешу үшін жалпы қолданылған уақыты, бірақ бұл жерде тек компьютердегі жұмыс уақытын ескере отырып анықталған.

$$t_{\Sigma} = t_{пр} + t_{отл} + t_d \quad (5.24)$$

$$t_{\Sigma} = 83,16 + 436,59 + 24 = 543,75 \text{ сағат}$$

Сәйкесінше, ЭЕМ-ның жалпы жылдық эксплуатационды шығын құны.

$$\Theta_3 = 543,75 * 15576,7 / 2010 = 4213,84 \text{ теңге}$$

ал уақыт коэффициенті мына формула бойынша есептеледі.

$$w = \frac{\Theta_3}{C_3} \quad (5.25)$$

$$w = \frac{4213,84}{15576,7} = 0,27$$

Осылайша, жалпы эксплуатационды шығынды уақыт коэффициентін ескеріп коррекциялаймыз (дұрыстаймыз).

Электроэнергияға шығын.

$$C_{33}^* = C_{33} \cdot w \quad (5.26)$$

$$C_{33}^* = 10601 * 0,27 = 2862,27 \text{ теңге}$$

Амортизационды аударым.

$$A_{жыл}^* = A_{жыл} \cdot w \quad (5.27)$$

$$A_{жыл}^* = 103,2 * 0,27 = 27,864 \text{ теңге}$$

Сонымен қатар, формуласы бойынша есептелетін жұмыс жалақысына тәуелді шығындар бар. Осындай шығындар қатарына социалды сақтандыруға кететін аударымдар мен жүктеме аударымдар кіреді. Әлеуметтік салыққа кететін аударымдар

бүкіл жалақының 11% құрайды (11%, ҚР ның Салық Кодексі), формуласы бойынша анықталады.

$$CC = (\text{ФОТ} - 0,1*\text{ФОТ})*0,11 \quad (5.28)$$

$$CC = (132398,11 - 0,1*132398,11)*0,11=13107,41 \text{ теңге}$$

Жүктеме шығындар қызмет көрсету мен басқаруға қатысты, құрылғының эксплуатациясы мен басқа да өндіріс процесін қамтамасыз ететін қосымша шығындар болып табылады, еңбек жалақысы фондының 50% құрайды анықталады.

$$C_{\text{накл}} = 0,5*\text{ФОТ} \quad (5.29)$$

$$C_{\text{накл}} = 0,5*132398,11 = 66199,055 \text{ теңге}$$

5.6 Өзіндік құн нәтижесінің кестесі

Бағдарламалық қамтаманы өңдеуге кеткен жалпы шығын еңбек жалақысы фондының, эксплуатационды шығынның, социалды сақтандыру, жүктеме шығындар мен материал және құрамалардың қосындысына тең болады.

Бағдарламалық қамтаманы өңдеудің қорытынды құны төменгі кестеде көрсетілген.

К е с т е 5.3 – Өзіндік құн нәтижесінің

Шығын статьялары		Сумма, теңге	Жалпы суммадан(%)
ФЗП	З _о сн	110331,76	49,6
	З _д оп	22066,35	9,9
Жүктеме шығындар, C _{накл}		66199,055	29,8
Әлеуметтік сақтандыру, CC		13107,41	5,9
Эксплуатационды шығындар	* ЭЭ С	2862,27	1,29
	ТО С	4872,5	2,2
	* ЖЫЛ А	27,864	0,01
Материалдар мен комплектілер, C _{МиК}		2923,5	1,3
Барлығы:		222390,709	100

5.7 Бағдарламаның бағасына есептеу

Өнімнің өзіндік құны 222390,709 теңге болды, онда бір енгізу объектісіне арналған жүйенің толық өзіндік құны ($C_{пс}$).

$$C_{пс} = 222390,709 / 4 = 55597,9 \text{ теңге}$$

5.8 Минималды бағаны, кірісті және пайданы есептеу

Өнімнің минималды бағасы келесі формуламен есептеледі.

$$Ц_{\min} = (C_{пс} + Ц_{мд} + Ц_3)(1 + r/100) \quad (5.30)$$

$$Ц_{\min} = (55597,9 + 190 + 140) * 1,21 = 67672,5 \text{ теңге}$$

Мұндағы магнитті диск бағасы, қазіргі нарықтық бағасын қарастырып, 190 теңге деп алынды;

$Ц_3$ – жазба бағасы;

r – Өзіндік құнға қатынасымен алынған тиімділіктің жоспарланған пайызы, ол

$r = 21\%$;

НДС ті есептегендегі минималды баға келесі формуламен есептеледі (ҚР да НДС 12%).

$$Ц_{\min_{НДС}} = Ц_{\min} + N_{ндс} Ц_{\min} \quad (5.31)$$

$$Ц_{\min_{НДС}} = 67672,5 + 0,12 * 67672,5 = 75793,2 \text{ теңге}$$

Кіріс келесі формуламен есептеледі.

$$V_{\text{реал}} = Ц_{\min_{НДС}} * V_{\text{объем}} \quad (5.32)$$

$$V_{\text{реал}} = 75793,2 * 4 = 303172,8 \text{ теңге}$$

мұндағы $V_{\text{объем}}$ – бағдарламаны жүзеге асыру көлемі; Жалпы пайда келесі формуламен есептеледі.

$$П = V_{\text{реал}} - V_{\text{реал}} * N_{ндс} - C_{\text{разраб}} \quad (5.33)$$

$$П = 303172,8 - 36380,7 - 222390,709 = 44401,4 \text{ теңге}$$

мұндағы НДС – қосылған құн салығы (12%). Таза пайда келесі формуламен есептеледі.

$$П_{\text{чист}} = П - Н_{\text{прибыль}} \quad (5.34)$$

$$П_{\text{чист}} = 44401,4 - 0,2 * 44401,4 = 35521,12 \text{ теңге}$$

мұндағы $N_{\text{прибыль}}$ – пайдаға салынатын салық (ҚР да $N_{\text{прибыль}}=20\%$).

5.9 Бағдарламалық өнімді иемденудегі кәсіпорындардың бірмезгілдегі шығындарын есептеу

Кәсіпорындардың бірмезгілдегі шығындары келесі бөлімдерден тұрады:

- жүйе құны;
- көлік шығындары;
- оқуға кететін төлемдер.

Жүйе құны 75793,2 теңге. Көлік шығындары жүйе құнының 20% құрайды $75793,2 * 0,2 = 15158,64$ теңге.

Жұмысшыларды жүйемен жұмыс істеуге оқыту шамамен екі сағатта консалтингті фирманың маманы көмегімен сағатына 2500 – 3000 теңгедей болып табылады (бұл мән бітіру жұмысының экономика бөлімін орындауға әдістемелік нұсқаулардан алынды, Алматы: АЭЖБУ, 2014 – 27 б., 11 бет).

Соған сәйкес оқу бағасы $3000 * 2 = 6000$ теңге.

Кесте 5.4 – кәсіпорынның бірмезгілдегі шығындарын есептеулерінің нәтижесі көрсетілген.

Кесте 5.4 – Ақпаратты жүйені енгізуге арналған бірмезгілдегі шығындардың есептелу нәтижесі

К е с т е 5.4 – Шығын түрлері

Шығындар түрлері	Сумма, теңге
Жүйе құны	75793,2
Көлік шығындары	15158,64
Жұмысшыларды оқыту бағасы	6000
Қорытынды:	96951,84

5.10 Қолдану саласындағы жылдық бірмезгілдегі шығындарды есептеу

Негізгі шығындар түрлері: жұмысшы еңбегіне төленетін ақша қоры, әлеуметтік салық, басқада шығындар.

Есептеу жылына бір рет ПК операторымен 2500 теңге/сағат (жоғарыда берілген) сағаттық мөлшерде үш сағат көлемінде жүргізіледі $2500 * 3 = 7500$ теңге.

Әлеуметтік салыққа жұмсалатын аударымдар (ҚР да әлеуметтік салық мөлшері 11% жұмысшы еңбегіне төленетін ақша қорынан, ҚР Салық Кодексі) $(7500 - 7500 * 0,1) * 0,11 = 742,5$ теңге . Электроэнергияға кететін шығындар $2,4 * 14,65 = 35,16$ теңге. Мұндағы 2,4 – жұмсалған қуат мөлшері, кВт – сағат, 14,65 тг. ҚР 1 кВт/с электроэнергияның орташа құны.

Бағдарламаны енгізу арқылы қағаз бастылықты азайтады. Бір кафедра есеп беру үшін 10 парағын (А4) жұмсайды. Нарықта бір парақтың құны 2,5 теңге . Сонда бізде $10 * 2,5 = 25$ теңге болады бір рет сабақтарды бөлгенде. Кәсіпорынның жылдық бірмезгілдегі шығындарын есептеу нәтижесі кестеге енгіземіз (Кесте 5.5).

К е с т е 5.5 – Кәсіпорынның жылдық бірмезгілдегі шығындарын есептеу нәтижесі

Шығындар түрлері	Сумма, теңге
Еңбекке төленетін қор	7500
Әлеуметтік салыққа аударымдар	742,5
Электроэнергияға төлем	35,16
Қағазға жұмсалған ақша	25
Қорытынды:	8302,66

5.11 Ақпараттық өнімді енгізуден алынған үнемдеу мөлшері мен табысты есептеу

Ақпараттық өнімді құрастыратын фирма үшін табыс көзі ретінде тапсырыс берушіге бағдарламалық өнімді сату болып табылады. Фирманың шығындары – ол құрастыруға кететін шығындар және жүйенің көбейтілуіне кететін шығындар. Қаржыландыру көзі ретінде құрастырушы-фирманың өзінің ақша қоры алынады.

Тапсырыс беруші-кәсіпорын үшін үнемдеу көзі есептеу уақытын біршама қысқартатын, қол еңбегін алмастыратын машина болып табылады. Кәсіпорын шығындары ақпараттық жүйені иемденудегі бірмезгілдік шығындардан, ақпараттық жүйені тасымалдау және енгізу шығындарынан, және де жүйеге талдау жүргізу мен бақылауға кететін шығындардан тұрады.

Жүйені енгізу қолмен есептеу шараларын автоматтандырылған шараға ауыстыру нәтижесінде өндірістің қорын біраз үнемдеуге алып келеді деп жоспарланады.

Үнемдеу мөлшерін есептейік. Ол үшін өткізу қабілетін есептеуге кететін кәсіпорынның шығындарын қолмен есептеу керек.

Қол еңбегімен келесі шығындар түрлері есептеледі:

- жұмысшы еңбегіне төленетін ақша қоры;
- әлеуметтік салық;
- басқа да шығындар.

Қолмен есептеу барысында еңбек өнімділігін талдау үшін 1600 теңге/сағат (ұйымның қойып отырған талабы) мөлшерінде жұмыс істейтін мамандандырылған

инженер қажет. Өткізу қабілетін есептеу үшін инженер 5 күн жұмсайды, бір күнде 8 сағаттан жұмыс жасайды. Қолмен есептеу барысында еңбектің жылдық төлем қоры $ФОТ = 5 \cdot 8 \cdot 1600 = 64000$ теңге

Әлеуметтік салыққа жұмсалатын аударымдар (ҚР да әлеуметтік салық мөлшері 11% жұмысшы еңбегіне төленетін ақша қорынан, ҚР Салық Кодексі) $(64000 - 64000 \cdot 0,1) \cdot 0,11 = 6336$ теңге.

Бір кафедра есеп беру үшін 60 парағын (А4) жұмсайды. Нарықта бір парақтың құны 2,5 теңге. Сонда бізде $60 \cdot 2,5 = 150$ теңге болады бір рет сабақтарды бөлгенде. Шығындар түрлерін (Кесте 5.6) енгіземіз.

К е с т е 5.6 – Ақпараттық жүйені қолданбай еңбек өнімділігін талдауға кететін шығындарды есептеу

Шығындар түрлері	Сумма, теңге
Еңбекке төленетін қор	64000
Әлеуметтік салыққа аударымдар	6336
Қағазға жұмсалған ақша	150
Қорытынды:	70486

Ақпараттық жүйені қолданғандағы жылдық шығындар жоғарыда есептелді және 8302,66 теңге болды. Осыған сәйкес, шығындардың шартты үнемделуі мынаған тең болады $\Delta \mathcal{E}_k = 70486 - 8302,66 = 62183,34$ теңге.

5.12 Пайда мен шығындарды есептеу

К е с т е 5.7 – Бір рет есептегендегі пайда мен шығындарды есептеу

Аты	Жыл
Шығындардың шартты үнемделуі, теңге	62183,34
Ағымдағы шығындар, теңге	8302,66
Шартты пайда, теңге	44401,4
Пайдаға салынатын салық, теңге	8880,28
Таза пайда, теңге	35521,12

5.13 Ақшалай құралдардың қозғалысы

К е с т е 5.8 – Ақшалай тәсілдердің қозғалысы, теңге

Аты	Жылдар				
	2014	2015	2016	2017	2018
Бірмезгілдік шығындар, КВ мың, теңге	96951,84				

Жеке кәсіпкерлік пайда		35521,12	35521,12	35521,12	35521,12
Шығындарды үнемдеу		62183,34	62183,34	62183,34	62183,34
Ағымдағы шығындар		8302,66	8302,66	8302,66	8302,66
Пайдаға салынатын салық		12436,668	12436,668	12436,668	12436,668

Кес т е 5.8 жалғасы

Таза табыс	-96951,84	49746,672	49746,672	49746,672	49746,672
Дисконттау коэффициенті (20% мөлшерінде)	1	0,833	0,694	0,578	0,482
Таза дисконтталған табыс (ТДТ)	-96951,84	41438	34524	28753	23977
ТДТ өспелі нәтижесімен	-96951,84	-55513,84	-20989,84	7763,16	31740,16

Дисконттау коэффициентің формуласы

$$K_{д2} = 1/(1+\alpha)^1 = 1/(1+0,2)^1 \quad (5.35)$$

$$K_{д3} = 1/(1+\alpha)^2 = 1/(1+0,2)^2 \quad (5.36)$$

$$K_{д4} = 1/(1+\alpha)^3 = 1/(1+0,2)^3 \quad (5.37)$$

$$K_{д5} = 1/(1+\alpha)^4 = 1/(1+0,2)^4 \quad (5.38)$$

$$K_{д2} = 0,833 \quad K_{д3} = 0,694 \quad K_{д4} = 0,578 \quad K_{д5} = 0,482$$

мұндағы α – инфляция коэффициенті, K_d – дисконттау коэффициенті

Таза дисконтталған табыс (ТДТ) = Таза табыс* Дисконттау коэффициенті (5.39)

Таза дисконтталған табыс (ТДТ) =

$$49746,672 * 0,833 = 41438 \text{ теңге} \quad 49746,672 * 0,694 = 34524 \text{ теңге}$$

49746,672*0,578=28753 теңге 49746,672*0,482=23977 теңге

$$ТДТ_2 \text{ (өспелі нәтижесімен)} = ТДТ_1 + \text{Таза дисконтталған табыс (ТДТ)}_2 \quad (5.40)$$

5.14 Экономикалық тиімділікті есептеу. Таза ағымдағы құндылықты есептеу (Net present value, NPV)

Шығындары бізмезгілде тек жобаның басында күрделі салымдар (C_0) ретінде іске асатын жобалар үшін NPV келесі формуламен есептеледі.

$$NPV = \sum_{i=1}^n \frac{B_i}{(1+r)^i} - C_0. \quad (5.41)$$

мұндағы B_i – i -ші жылдағы жобадан алынатын пайда, r – дисконттеу мөлшері.

$$NPV(20\%) = \left(\frac{49746.672}{(1+0.2)^1} + \frac{49746.672}{(1+0.2)^2} + \frac{49746.672}{(1+0.2)^3} + \frac{49746.672}{(1+0.2)^4} \right) - 96951,84 = 31830$$

теңге > 0 сондықтан ұсынылып отырған жоба табысты. Сол себептен жобаны қажет және жобаны талдау мен оған баға беруді жалғастыру керек.

5.15 Пайда индексін есептеу (Profitability index, PI)

PI жобаның салыстырмалы пайдасын көрсетеді. Бұл көрсеткіш келесі формуламен есептеледі.

$$PI = \frac{NPV}{C_0} \quad (5.42)$$

$$PI = (31830 / 222390,709) * 100\% = 14.3 \%$$

5.16 Табыстың ішкі нормасын есептеу (Internal rate of return, IRR)

Табыстың ішкі нормасы (ТИН немесе IRR) r пайыздық мөлшерінің мәні болып табылады, мұндағы $NPV = 0$. Бұл нүктеде r қосылған шығындардың дисконтталған ағыны қосылған дисконтталған табыс ағындарына тең.

$IRR = r$, мұндағы $NPV = 0$.

$$IRR = r_1 + \frac{f(r_1)}{f(r_1) - f(r_2)} * (r_2 - r_1) \quad (5.43)$$

$$r_b = 25 \% \quad (5.44)$$

$$PV_1 = 49746,672 / (1 + 0,25) = 39800 \text{ тенге}$$

$$PV_2 = 49746,672 / (1 + 0,25)^2 = 31840 \text{ тенге}$$

$$PV_3 = 49746,672 / (1 + 0,25)^3 = 25470 \text{ тенге}$$

$$PV_4 = 49746,672 / (1 + 0,25)^4 = 20380 \text{ тенге}$$

$$NPV(25,0\%) = (39800,896 + 31840 + 25470 + 20380) - 96951,84 = 20540 \text{ тенге}$$

$$NPV(20\%) = 31830 \text{ тенге} \quad NPV(25,0\%) = 20540 \text{ тенге}$$

$$IRR = r_a + (r_b - r_a) * NPV_a / (NPV_a - NPV_b) \quad (5.45)$$

$$IRR = 20 + (25 - 20) * 31830 / (31830 - 20540) = 14,098\%$$

5.17 Өтімділік периодын есептеу (Payback period, PBP)

Өтімділік периоды мына формуламен есептеледі.

$$T_{ок} = t + \frac{C_0 - \sum_{i=1}^n B_i}{B_{i+1}} \quad (5.46)$$

мұндағы C_0 – жоба басындағы салым; B_i – i -ші жылдағы жобадан алынатын пайда; Сонда біздің өтімділік периодымыз.

$$T_{ок} = 3 + \frac{96951,8 - (41438 + 34524)}{28753} = 3 \text{ жыл } 7 \text{ ай}$$

Бұл жобаның өтімділік периоды 3 жыл 7 ай тең, яғни жобамыз осы уақытта өз-өзін ақтайды.

К е с т е 5.9 - q коэффициентінің мәні

